

"Аққұдық селолық округіне қарасты елді мекендерге көше атауын беру туралы" 2008 жылғы 06 қарашадағы № 5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Аққұдық ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 14 шілдедегі № 2 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 05 тамызда № 4454 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына сәйкес, Аққұдық ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аққұдық селолық округі әкімінің 2008 жылғы 06 қарашадағы № 5 "Аққұдық селолық округіне қарасты елді мекендерге көше атауларын беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-12-66 тіркелген, 2008 жылғы 11 желтоқсанда аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген мемлекеттік тіліндегі шешімнің деректемелерінде, атауында және бүкіл мәтіні бойынша "селолық" сөзі тиісінше "ауылдық" сөзімен ауыстырылсын;

шешімнің кіріспе бөлігіндегі ", Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы №45 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс Тұжырымдамасының 3.2. тармағына және Ақтөбе облысы әкімінің 2007 жылғы 24-шілдедегі № 255 "Мекенжай Тіркеліміне тіркеу туралы тәртібі және мекенжай құрлымы жөніндегі Ереже бекіту туралы" қаулысына" сөздері алынып тасталсын;

I, II тармақтары біріктірілсін және келесі жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Аққұдық ауылдық округінің кейбір елді мекендерінің көшелеріне келесі атаулар берілсін:

Аққұдық ауылында—Бейбітшілік көшесі;

—Оспанов Құрманғали көшесі. Қарағандысай қыстағы осы көшеге қарайды;

—Жеңіс көшесі, осы көшеге Аққұдық темір жол бекеті бойындағы барлық үйлер жатқызылады;

Қатынадыр ауылында—Тәуелсіздік көшесі, көшеге осы елді мекендегі барлық үйлер

жатқызылады";

III тармақтағы "III." деген реттік нөмірі "2." деген санымен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аққұдық ауылдық округінің әкімі

У.Утегенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК